



«Бекітілді.»
№23 «Нұтымаға оболыжан мәдениетінің
менгеруғасы Г.Ж.Харынбаева

«Менің әлемім» түзету жұмысы

Психикалық даму кешеуілдеген ортаңғы топқа арналған

Дефектолог: Шетірова Ә.Б

2020-2021 жж

Түсінік хат

Казіргі уақытта ортамызда болып жатқан әлеуметтік жаңуя мәселелері, экологиялық-экономикалық дағдарыстар жүйке жүйкелері бұзылған, психикалық аурулары бар, кемтар болып туылатын нәрестелердің саны жыл сайын өсіп отыр. Ол үшін баланың психологиялық қажеттіліктерін, оку үлгерімін зерттең, дефектологиялық түзесу жұмыстарын ұйымдастырылуда. Психикалық даму кешеуілдеген бар балалардың құрамына қарай көптеген түрлері болады. Олардың бір бөлігінде орталық жүйке жүйесі аса қатты бұзылмаса, кейбірінде функционалдық жетілмеушілік байқалады. Сондай-ақ, ағзаның әлсіреуі, созылмалы аурулардың әсері психикалық-жүйке жүйесіне әсер ететіні сөзсіз, қолайсыз әлеуметтік шарттар мен психикалық соққыға әкелетін жағдайлар баланың психикалық дамуын тежейтін жағдайлардың тағы бір себебі.

Бұғынгі танда қоғамының даму бағытында жан – жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оку – ағарту жүйесінің үлесіне түсетінін ескерсек, білім негізі жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатын орны ерекше. Бағдарламадағы ұсынылған ойын арқылы баланы білім алуға, окуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар балалардың ақыл – ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түседі, әрі пысықтауды көздейді.

ПДР балаларының ынтасын арттыру, ой – өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту, ауызша және жазбаша тілін жетілдіру, анық сөйлеуге, ойлылыққа, тапқырлыққа баулу мақсатын жүзеге асыруда зейінді дамытатын ойынның орны ерекше.

Жұмыстың өзектілігі:

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың таным үдерістерін бағытты түрде дамыту, олардың толыққанды жетілуінің де бірде бір шарты болып табылады және еңбек етуіндегі, әлеуметтенуіндегі қыындықтардың пайда болуының алдын алады. Сондықтан, психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың зейінін, оның ішінде зейін көлемін дамытуға едәуір үлес қосатын жұмыс жүйесін өндеп жасау бүгінгі танда өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Мақсаты:

Жалпы психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың ғажайып табиғатқа қызығушылығын арттыру, білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, ойындарды тиімді пайдалана отырып, дефектологиялық тұрғыдан диагностикалау және түзету арқылы, зейін көлемін дамыту.

Міндеттері:

Мұмкіндігі шектелген балалардың зейін көлемін дамытудың ерекшеліктерін анықтау.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балаларға арнайы таңдалып алғынған дамыту ойындар мен жаттығулар арқылы жүйелі түрде түзете – дамыта оқыту.

Дидактикалық ойын баланы қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылауды үйренеді.

Баланың психикалық іс-әрекеттерін дамыту;

Түзету-дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;

Әр баланың жекелей қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту;

Күтілетін нәтиже:

Үлкендермен, өзінің достарымен өзара қарым-қатынас жасау;

Өзінің ой-пікірі мен талап-тілектерін белсенді әрі ашық жеткізу;

Сөздік құрылым бойынша женіл іс-әрекеттерді орындау;

Бағдарламаның көлемі: бағдарлама оку жылы бойынша 36 сабакқа есептелген.

Жұмыс түрі: аптасына 1 рет – жеке, топтық жұмыс.

Жұмыстың жүргізу уақыты: Жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабактың ұзақтығы 25 - 30 минут мөлшерінде белгіленуі керек.

P/c №	Тақырыбы	Сағат саны	Мазмұны
1.	«Не өзгерді?»	1	Баланың ырықты зейінін дамыту
2.	«Айырмашылығын тап»	1	Баспа әріптердің элементтерінің орналасуындағы үқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету.
3.	«Корректуралық байқау»	1	Жазылған әріптер мен сандарға талдау жасауға үйрету және ішінен керегін таба білуге үйрету. Бұл арқылы зейіннің тұрақтылығын және концетрациясын дамыту.
4.	«Алақан шапалақтау»	1	Бала зейінін тез аударуға қабілеттілігін және тез бөлінгіштігін дамыту.
5.	«Рұқсат етілмейтін түстер»	1	Бала зейінінің шоғырлануын және бөлінгіштігін дамыту.
6.	«Рұқсат етілмейтін қимыл»	1	Баланың зейінінің тұрақтылығын дамыту.
7.	«Көзбен сана»	1	Белсенді зейінді, оның шоғырлануын қалыптастыру.
8.	«Сурет сал»	1	Ырықты зейінді қалыптастыру.
9.	«Іздел тап»	1	Зейінділік пен байқампаздықты жаттықтыру.
10.	«Сандарды іздестіру»	1	Зейіннің жылдамдығын, бөлінгіштігін, көлемін дамыту.
11.	«Атауға болмайтын сандар»	1	Шарт пен материал арасындағы зейіннің шоғырлануын, бөлінушілігін дамыту.
12.	«Байқампаздық»	1	Қасындағы адамның айтқанына назар аударып оған зейінің аударуға дағдыландыру.
13.	« Нұктелерді қос»	1	Жазу сабағында зейіні тұрақтандыру, саусақтарының бұлышық еттерін дамыту.
14.	« Шатасқан сандар»	1	Ойын арқылы баланы сөз құрауға үйретеміз, зейінін жаттықтырып, сөйлеу тілін дамыту.
15.	« Екі қолмен сурет саламын»	1	Бейнелеу сабағында зейін көлемін дамыту ойындары.
16.	« Шульте кестесі »	1	Зейін көлемін дамыту.
17.	« Тор ішіндегі қоңыз»	1	Есте сақтау, зейін көлемін дамыту.

18.	««Сиқырланғандар»	1	Ерікті зейінің, ерік жігер сферасын дамыту, қозғалыстарының мәнерлілігін қалыптастыру, коммуникативті қабілеттерін дамыту.
19.	«Шатастырылған сызулар»	1	Көру зейіннің тұрақтылығын, концентрациясын күшетту.
20.	«Әріпті қуып жет».	1	Зейін тұрақтануын, ұсақ моторикасын дамыту.
21.	«Нұкте».	1	Зейін көлемін, көру қабілетін дамыту.
22.	«Тында және сана».	1	Зейінің бөлуін, көру қабілетін дамыту, сөздік қорын толықтыру.
23.	«Сызықты ажырат».	1	Зейінің шоғырлануын және тұрақтануын, көру қабілетін дамыту.
24.	«Әріптер».	1	Механикалық жадын, ұқыптылығын, зейінің дамыту.
25.	«Мәтінді тер»	1	Балаларда зейін тұрақтылығын қалыптастыру.
26.	«Селектор»	1	Балаларда зейіннің бөлінуін қалыптастыру.
27	«Ең зейінді»	1	Балаларда зейіннің шоғырлануын қалыптастыру.
28.	«Судоки»	1	Балаларда зейіннің шоғырлануын қалыптастыру.
29.	«Кім көп?».	1	Зейінді дамыту, сөз тіркесінен сөз құрауды үйрету, есте сақтау қабілетін жетілдіру және дыбысты қабылдауды арттыру.
30	«Төрт өлеңді».	1	Зейінді дамыту, қозғалыс анализаторы мен есту аппаратының координациямен байланысты.
31-32	«Көлем сиқыршысы».	2	Зейіні мен көзқарасын дамыту, заттың жаман және жақсы қасиеттерін анықтай алуға үйрету, жағымды эмоциялық көніл-күйді тудыру, өзінің алған тәжірибесінен әңгіме құрастыру, өзін-өзі бақылауын дамыту.
33	«Лото»	1	Баланың қызығушылығын ояту, зейінің дамыту.
34-35	«Көзбен сана»	2	Белсенді зейінді, оның шоғырлануын қалыптастыру.
36	«Көлем сиқыршысы»	1	Зейінді дамыту, сөз тіркесінен сөз құрауды үйрету, есте сақтау қабілетін жетілдіру және дыбысты қабылдауды арттыру.

